

Суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парағын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің м.а. 2025 жылғы 30 сәуірдегі № 85-НҚ және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 2 мамырдағы № 25 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 5 мамырда № 36074 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабы 5-тармағына, 143-бабы 1-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметін көрсететін табиғи монополия саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің Тарифтік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық ресми түрде жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде оны "Тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімі" ақпараттық жүйесінде орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрінің м.а.

Н. Алдамжаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 2 мамырдағы
№ 25 мен
Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және ирригация
министрінің м.а.
2025 жылғы 30 сәуірдегі
№ 85-НҚ Бірлескен бұйрыққа
1-қосымша

Суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметі жөніндегі табиғи монополиялар субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5 және 6-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен бекітілген Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығымен бекітілген Тексеру парағының нысанымен (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17371 болып тіркелген) сәйкес әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектісі (объектісі) – суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу жөніндегі қызметтерді көрсететін табиғи монополия субъектілері;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

4) өрескел бұзушылықтар – жеке және заңды тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің елеулі бұзылуына алып келетін Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасында бекітілген талаптардың бұзылуы;

5) елеулі бұзушылықтар – адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне зиян келтіру үшін алғышарттар жасайтын Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

6) болмашы бұзушылықтар – өрескел және елеулі бұзушылықтарға жатпайтын Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар саласындағы заңнамасы талаптарының бұзылуы;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді

кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

12) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі.

3. Жоғары және орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Төмен тәуекел дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызмет салалары үшін бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Бақылау субъектілерін (объектілерін) профилактикалық бақылауды жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

2-тарау. Объективті өлшемшарттар

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау субъектілерін (объектілерін) профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезеңде мемлекеттік орган объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезеңде мемлекеттік орган субъективті өлшемшарттар жөніндегі бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ды қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

6. Табиғи монополиялар салаларында жоғары тәуекел дәрежесіне Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген, табиғи монополиялар саласына жатқызылған реттеліп көрсетілетін қызметтерді күнтізбелік бір жылдан астам жүзеге асыратын және негізсіз кіріс (түсім) алған, суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметі жөніндегі табиғи монополиялар субъектілері жатады.

Табиғи монополиялар салаларында орташа тәуекел дәрежесіне Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізілген, табиғи монополиялар саласына жатқызылған реттеліп көрсетілетін қызметтерді күнтізбелік бір жылдан астам жүзеге асыратын, суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметі жөніндегі табиғи монополиялар субъектілері жатады.

Табиғи монополиялар саласында төмен тәуекел дәрежесіне табиғи монополиялар саласына жатқызылған реттеліп көрсетілетін қызметтерді күнтізбелік бір жылдан аз жүзеге асыратын, суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметі жөніндегі жаңа құрылған табиғи монополиялар субъектілері жатады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

7. Тәуекелдер дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттарын айқындау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) алдыңғы өткізілген бақылау субъектілерін (объектілерін) тексерулер және бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері. Бұл ретте ауырлық дәрежесі (өрескел, елеулі, елеусіз) тексеру парақтарында көрсетілген заңнама талаптары сақталмаған жағдайда белгіленеді;

2) уәкілетті орган және (немесе) басқа мемлекеттік органдар жүргізетін бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтерді мониторингтеудің нәтижелері;

3) мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарын және бұқаралық ақпараттар құралдарын талдау нәтижелері;

4) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).

8. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;

2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

9. Қолдағы бар ақпарат көздерінің негізінде субъективті өлшемшарттар бұзушылықтың үш дәрежесіне: өрескел, елеулі, елеусіз дәрежелерге бөлінеді.

Табиғи монополиялар субъектілері үшін талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалған.

Субъективті критерийлер бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субъективті критерийлер тізбесі осы Критерийлерге 2-қосымшада көзделген.

10. Бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша (SC) айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$R_{арал} = SP + SC$, мұнда:

$R_{арал}$ – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші;

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SC – осы Өлшемшарттардың 6-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылаудың әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің

(объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

11. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 7-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты тексеру немесе бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_3 = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,7, \text{ мұнда:}$$

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_n = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3, \text{ мұнда:}$$

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP_2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ мұнда:}$$

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

12. Осы Өлшемшарттардың 7-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға

дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i - субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

w_i - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i ;

n - көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 8-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

13. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{арал}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

$R_{\text{арал}}$ – Осы Өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

14. Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы өткізілген бару арқылы профилактикалық бақылаудың қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды қосуға жол берілмейді.

15. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың жарты жылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

16. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тізімдері субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші неғұрлым жоғары бақылау субъектісінің басымдылығы ескеріле отырып жасалады.

4-тарау. Тәуекелдерді басқару

17. Бақылаудың адал субъектілерін көтермелеу және бақылауды бұзушыларға шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізуден босатылады.

18. Бақылау субъектілері (объектілері) мына жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалардың алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасаса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату жағдайлары айқындалса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілерінің тиісті қызмет салаларында жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне ауыстырылады.

19. Реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы жасалған келісімді ескере отырып, мұндай мүшеліктің (қатысудың) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында жұмсартатын индикатор ретінде болу фактіні Кодекстің 141-бабының 10-тармағына сәйкес кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен ескереді.

20. Бақылау субъектісін (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар жеңілдететін индикаторларды ескереді.

Жеңілдететін индикаторларға мыналар:

1) деректерді онлайн-режимде бере отырып, аудио және (немесе) бейне тіркеудің болуы;

2) мемлекеттік органдардың жүйелеріне деректерді беру бойынша датчиктер мен тіркеуші құрылғылардың болуы (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері) жатады.

21. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан босату, егер мұндай негіздер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген болса, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес қолданылатын тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің , сараптамалардың баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде мүмкін болады.

Суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына
1-қосымша

Суды каналдар арқылы беру және тірек гидротехникалық құрылысжайларының көмегімен жерүсті ағынын реттеу қызметін көрсететін табиғи монополия субъектілеріне қойылатын талаптардың бұзылу дәрежесі

№№	Өлшемшарттар	Бұзушылық дәрежесі
Алдыңғы өткізілген бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша (ауырлық дәрежесі төменде көрсетілген талаптар сақталмаған кезде белгіленеді)		
1	Тариф қолданысқа енгізілгеніне дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей тарифті бекіту туралы ақпаратты тұтынушының назарына жеткізу	Елеусіз
2	Тарифті бекіту үшін өтініммен уәкілетті органға жүгіну	Өрескел
3	Табиғи монополиялар субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне енгізу туралы, одан алып тастау, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы өтінішпен уәкілетті органға жүгіну	Өрескел
	Реттеліп көрсетілетін қызметті өндіру және (немесе) ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі мүлікті лизингті қоса алғанда, сенімгерлік	

4	басқаруға, мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге жол бермеу жөніндегі талаптарды сақтау, жағдайларды қоспағанда, кеңейту үшін шаруашылықаралық және шаруашылықішілік арналары бұрылатын магистральдық арналарды сенімгерлік басқаруға беру, табиғи монополия субъектісінің сенімгерлік басқаруға берілетін активтерінің техникалық жай-күйін жаңғырту, реконструкциялау және жақсарту	Өрескел
5	Үлгілік шарттарға сәйкес тұтынушылармен ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түріне жеке шарттар жасасу	Елеусіз
6	Мүлікті мемлекет меншігіне беру жағдайларын қоспағанда, сауда-саттықта реттеліп көрсетілетін қызметті өндіру және (немесе) ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті иеліктен шығару	Өрескел
7	Уәкілетті органның: 1) егер ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік баланста есепке алынған мүліктің баланстық құны ағымдағы жылдың басындағы бухгалтерлік балансқа сәйкес оның активтерінің баланстық құнының 0,05 пайызынан асатын болса, реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну үшін пайдаланылатын мүлікпен мәмілелер жасауға; 2) қайта ұйымдастыруға немесе таратуға келісін алу	Елеулі
8	Уәкілетті органмен бекітілген тариф бойынша реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну жөніндегі талаптарды сақтау	Өрескел
9	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметке қатысы жоқ қосымша талаптарды белгілемеу	Өрескел
10	Тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметке қол жеткізудің тең жағдайларын ұсыну	Өрескел

11	Табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарға сәйкес тұтынушының жұмыстарды жүргізу жөніндегі қызметін шектеуге тыйым салу бойынша талаптарды сақтау	Елеулі
12	Құрылыс жобасының табиғи монополия субъектісінің желілеріне қосуға немесе реттеліп көрсетілетін қызметтің көлемін ұлғайтуға арналған техникалық шарттарға сәйкестігіне келісуді талап етуге тыйым салу бойынша талаптарды сақтау	Елеулі
13	Бос қуаттар туралы ақпарат ұсынғаны үшін төлемақы алуға тыйым салу бойынша талаптарды сақтау	Елеусіз
14	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес есепке алу аспаптарының көрсеткіштері немесе қызметтерді тұтыну нормалары бойынша тұтынушыларға көрсетілген қызмет үшін есептеулер жүргізу	Елеулі
15	Құрылыс объектілерін пайдалануға қабылдау және беру жағдайларын қоспағанда, тұтынушылардың есепке алу аспаптарын сатып алуы мен орнатуы	Елеулі
16	Бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуына, табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуге қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізуге уәкілеттік берілген тұлғаларға бекітілген инвестициялық бағдарлама объектілеріне қолжетімділікті және бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат ұсынуды қамтамасыз ету	Елеулі

17	Есепке алу аспабын сатып алғаны және орнатқаны үшін тұтынушылардан төлемақы алу	Елеулі
18	Порталда тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды мынадай : 1) конкурс; 2) баға ұсыныстарын сұрату; 3) бір көзден сатып алу; 4) тауар биржалары арқылы сатып алу сияқты тәсілдердің бірімен жүзеге асыру	Елеулі
19	Өзінің интернет-ресурсында, ал өзінің интернет-ресурсы болмаған жағдайда уәкілетті органның порталына сілтемені көрсете отырып, сатып алуды жүзеге асырылатын портал туралы ақпаратты орналастыру	Елеулі
20	Конкурстық комиссияның құрамын, оның ішінде конкурстық комиссияның хатшысын бекіту және порталда конкурстық құжаттама жарияланғанға дейін техникалық ерекшеліктерді, жоспарларды, сызбаларды, эскиздерді қоса алғанда, тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің конкурстық құжаттамаға сәйкес техникалық және сапалық сипаттамаларға сәйкестігін айқындау үшін техникалық сарапшыларды айқындау бойынша талаптарды сақтау	Елеулі
21	Ашық дауыс беру арқылы конкурстық комиссияның шешім қабылдауы және егер оған конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеу. Дауыстар тең болған кезде төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі	Елеулі
22	Біртекгі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөнінде конкурс өткізу кезінде конкурстық құжаттамада тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді оларды	Елеулі

	жеткізу (орындау, көрсету) орны бойынша бөліктерге (лоттарға) бөлу	
23	Әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманы түсіндіру бойынша сұрау салуына (болған кезде) жауап беру және сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей конкурстық құжаттама ұсынылған барлық әлеуетті өнім берушілерге мұндай түсіндіруді жолдау	Елеулі
24	Мынадай: 1) конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі өтуі; 2) сатып алу шарты күшіне енуі; 3) конкурстық өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін конкурстық өтінім кері қайтарып алынуы; 4) конкурстық өтінім конкурстық құжаттаманың талаптарына жауап бермейтін ретінде қабылданбауы; 5) конкурс жеңімпазын айқындамай сатып алу рәсімдері тоқтатылуы жағдайлары туындаған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде конкурстық өтінімді қайтаруды қамтамасыз ету	Елеулі
25	Конкурстық комиссияның әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін конкурс өткізу туралы хабарландыруда белгіленген конкурстық өтінімдерді ұсыну аяқталған күннен бастап бес жұмыс күнінен асырмай әрбір лот бойынша жеке қарауы	Елеулі
	Конкурстық комиссияның мынадай негіздер бойынша әлеуетті өнім берушінің конкурстық өтінімін бағалауға және салыстыруға қабылдамауы: 1) құжаттар ұсынылмаған (1. Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалды, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамаларымен, сондай-ақ тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің осы	

талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды сипаттаумен техникалық ерекшелік;

2. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінде расталатын лицензиялар, рұқсаттар (хабарламалар), патент, куәлік, сертификат, диплом, мәлімет (конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

3. Әлеуетті өнім беруші қызмет алатын банктің немесе банк филиалының банк немесе банк филиалы алдындағы әлеуетті өнім берушінің міндеттемелері бойынша үш айдан астам созылған мерзімі өткен берешегінің жоқ екендігі туралы анықтамасы (егер әлеуетті өнім беруші екінші деңгейдегі бірнеше банктің немесе филиалдың, сондай-ақ шетелдік банктің клиенті болып табылған жағдайда, аталған анықтама осындай банктердің әрқайсысынан ұсынылады). Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу күнінің алдында бір айдан ерте емес берілген анықтама;

4. Тиісті салық органының конкурстық өтінімдер ашылатын күннің алдындағы үш айдан кешіктірілмей берілген салық берешегінің жоқ екендігі не бір теңгеден кем салық берешегінің бар екендігі туралы анықтамасы;

5. Егер әлеуетті өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаған және Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде тіркелмеген жағдайда: осы әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатыны және салықтық есепте тұрмайтыны туралы Қазақстан Республикасы салық органының анықтамасы; апостиль қойылған (жария етілген) құқық белгілейтін құжаттар;

6. Табиғи монополия субъектісінің банктік шотына конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізуді растайтын төлем тапсырмалары (

Елеулі

конкурстық құжаттамада тиісті талап болған кезде);

7. Егер конкурс стратегиялық тауарды сатып алуға жарияланған жағдайда, тиісті құзыретті органнан алынған әлеуетті өнім берушінің стратегиялық тауарды өндіруші болып табылатынын растайтын құжаттар ұсынылады;

8. Тіркеуші орган берген заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер ұсынылады;

9. Егер әлеуетті өнім беруші қосылған құн салығын төлеуші болып табылса, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесі не электрондық құжаттың қағаз көшірмесі).

2) әлеуетті өнім беруші конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді енгізбесе;

3) конкурстық өтінім талаптары бұзыла отырып ұсынылған немесе ресімделген құжаттарды қамтыса;

4) тиісті салық органының анықтамасында бір теңге және одан астам мөлшерде салық берешегі және міндетті зейнетақы жарналары мен әлеуметтік аударымдар бойынша берешегі туралы мәліметтердің болуы;

5) әлеуетті өнім берушінің осы анықтама берілген күннің алдындағы үш айдан астамға созылатын міндеттемелерінің ең болмағанда бір түрі бойынша мерзімі өткен берешегі бар екені туралы банк немесе банк филиалы анықтамасының болуы;

6) әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың техникалық ерекшелігінде белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы;

7) анық емес ақпарат ұсыну фактісінің анықталуы;

8) егер конкурсқа өзара үлестес тұлғалар ғана қатысса, әлеуетті өнім беруші осы конкурсқа (лотқа) қатысуға өтінім берген басқа

	<p>әлеуетті өнім берушінің үлестес тұлғасы болып табылуы;</p> <p>9) конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің өтінімдерінің теңгемен бағасы тізбеде көзделген сатып алуға бөлінген сомадан асып кетуі;</p> <p>10) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын конкурстық комиссия демпингтік деп таныған жағдайы</p>	
27	<p>Егер баға ұсынысы конкурстық құжаттамада сатып алуға көзделген сомадан 50 пайыздан артық төмен болған жағдайда, ол демпингтік ұсыныс деп тану бойынша талаптардың сақталуы</p>	Елеулі
28	<p>Конкурстық комиссия, егер:</p> <p>1) әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері бағалауға және салыстыруға қабылданбағаннан кейін екі конкурстық өтінімнен кем конкурстық өтінім қалса;</p> <p>2) конкурсқа қатысуға екеуден кем әлеуетті өнім беруші өтінім берсе;</p> <p>3) көзделген мерзімде жеңімпаз және екінші орын алған әлеуетті өнім беруші сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда комиссия конкурсты (лотты) өткізілмеген деп таниды</p>	Елеулі
29	<p>Егер конкурс тұтастай немесе қандай да бір бөлігі (лот) бойынша өткізілмеді деп танылса мынадай:</p> <p>1) конкурстық құжаттаманы өзгерту және қайталама конкурс өткізу туралы;</p> <p>2) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдау</p>	Елеулі
	<p>Конкурстық комиссия бағалауға және салыстыруға қабылданбаған әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін қоспағанда, конкурстық өтінімдерді бағалайды, салыстырады және ең төмен баға негізінде және мынадай өлшемшарттарды:</p>	

30	<p>1) пайдалануға, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған шығыстарды;</p> <p>2) тауарларды ұсыну, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімдерін;</p> <p>3) тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің функционалдық, техникалық және сапалық сипаттамаларының сәйкестігін;</p> <p>4) тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге кепілдіктер шарттарын;</p> <p>5) әлеуетті өнім берушінің біліктілік деректерін ескере отырып, жеңіп шыққан конкурстық өтінімді айқындайды</p>	Елеулі
31	<p>Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді ашқан күннен бастап алты жұмыс күнінен аспайтын мерзімде конкурстың қорытындыларын шығаруы, табиғи монополия субъектісінің электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу жөніндегі конкурстың қорытындылары туралы хаттама жасауы және порталда орналастыруы</p>	Елеулі
	<p>Конкурстық комиссияның конкурстың қорытындылары туралы хаттаманы ресімдеуі кезінде мынадай ақпараттың болуы туралы талаптарды сақтауы :</p> <p>1) сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің атауы мен қысқаша сипаттамалары;</p> <p>2) конкурстық өтінімдер ұсынған әлеуетті өнім берушілердің атаулары және орналасқан орындары;</p> <p>3) конкурстық өтінімдер ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік деректері;</p> <p>4) әрбір конкурстық өтінімнің бағасы және басқа да негізгі шарттары;</p> <p>5) конкурстық өтінімдерді бағалау мен салыстыруды баяндау;</p>	

32	<p>6) конкурстық өтінімдер бағалауға және салыстыруға қабылданбаған жағдайда – оларды бағалауға және салыстыруға қабылдамаудың негіздері;</p> <p>7) әрбір лот бойынша конкурс жеңімпазының атауы мен орналасқан жері және жеңімпаз анықталған шарттар;</p> <p>8) екінші орын алған әлеуетті өнім берушінің атауы, бағасы;</p> <p>9) егер конкурс нәтижесінде жеңімпаз айқындалмаса – конкурстық комиссияның осындай шешім қабылдауы үшін негіздер;</p> <p>10) конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салуларды, оларға жауаптарды жинақтап баяндау, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға өзгерістер мен толықтыруларды жинақтап баяндау;</p> <p>11) сатып алу туралы шартқа қол қойылатын мерзім (бірақ конкурс жеңімпазы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күнінен аспайды);</p> <p>12) техникалық сарапшыларды тарту туралы ақпарат;</p> <p>13) егер конкурс өткізілсе, онда шығындары тарифті бекіту кезінде ескерілетін, табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер тізбесімен көзделген осы тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуға табиғи монополия субъектісі бөлген сома</p>	Елеулі
33	<p>Конкурс қорытындылары шығарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде портал арқылы конкурс жеңімпазына хабарлама мен табиғи монополия субъектісі конкурстық құжаттамада шарт жобасына сәйкес келетін қол қойылған сатып алу туралы шартты жіберу бойынша талаптардың сақталуы</p>	Елеулі
34	<p>Конкурсқа қатысушының талап етуі бойынша оған конкурс нәтижелері және жеңімпазды таңдау себептері туралы толық</p>	Елеулі

	акпарат беру туралы талаптардын сақталуы	
35	Егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өткізу бойынша талаптардың сақталуы. Бұл ретте баға шешуші шарт болып табылады	Елеулі
36	Баға ұсыныстарын сұратуды қолданумен өнім берушіні таңдау тәсілін қолдану мақсатында қаржы жылы ішінде біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың жылдық көлемін бөліктерге бөлуге жол бермеу бойынша талаптардың сақталуы	Елеулі
37	Баға ұсыныстарын ұсыну мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын порталда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу туралы хабарландыруды және шарттың жобасын орналастыру	Елеулі
38	Егер: 1) ол сатып алуға бөлінген сомадан асып кетсе; 2) әлеуетті өнім беруші ұсынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер табиғи монополия субъектісінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес келмесе; 3) ол талаптарға сәйкес келмесе; 4) әлеуетті өнім беруші біреуден артық баға ұсынысын берсе; 5) әлеуетті өнім беруші басқа әлеуетті өнім берушілермен үлестес болса; 6) әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысы демпингтік деп танылса, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысынан бас тарту жөніндегі талаптарды сақтау	Елеулі

39	<p>Мынадай жағдайларда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) екіден кем баға ұсынысы ұсынылған жағдайда; 2) егер портал автоматты түрде баға ұсыныстарын қабылдамағаннан кейін екіден кем баға ұсынысы қалған; 3) екінші орын алған жеңімпаз және әлеуетті өнім беруші баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу жеңімпазын тану туралы хабарлама алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған жағдайда баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуды өтпеді деп тану бойынша талаптарды сақтау 	Елеулі
40	<p>Егер баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу порталда автоматты түрде өтпеді деп танылса:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сатып алу шарттарын өзгерту туралы және баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен қайта сатып алуды өткізу туралы; 2) бір көзден алу тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру туралы шешімдердің бірін қабылдау 	Елеулі
	<p>Мынадай жағдайларда:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) егер конкурс немесе баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алу өтпеді деп танылса; 2) мемлекеттік реттеу белгіленген бағалар, тарифтер бойынша тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; 3) сатып алынатын тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтары бар тұлғадан немесе мемлекеттік немесе табиғи монополия субъектісі болып табылатын тұлғадан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу; 4) еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындауы салдарынан, оның ішінде төтенше жағдайлардың салдарларын оқшаулау және (немесе) жою 	

салдарынан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

5) өкілдік шығыстарға байланысты тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

6) мерзімді баспасөз басылымдарын қағаз жеткізгіште және (немесе) электрондық нысанда сатып алу;

7) сауда-саттықта (аукциондарда) өткізілетін мүлікті (активтерді): сот орындаушыларының сатып алуы;

оңалту және банкроттық бойынша ;

мемлекеттік мүлікті жекешелендіру кезінде сатып алу;

8) егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің жүз еселенген мөлшерінен аспаса, біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

9) көрсетілген іс-шаралар өткізілетін жерге бару және кері қайту жолын, тұрғын үй-жай жалдауды, көліктік қызмет көрсетуді, тамақпен қамтамасыз етуді қоса алғанда, жұмыскерді қызметтік іссапарға жіберуге байланысты көрсетілетін қызметтерді сатып алу;

10) өнім берушінің тауарларын, жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін сатып алған табиғи монополия субъектінде біріздендіру, стандарттау немесе үйлесімділікті қамтамасыз ету мақсатында нақ сол өнім берушіден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу қажеттілігі туындаған кезде ғана портал арқылы бір көзден тәсілімен сатып алу жүргізу

Елеулі

Бақылау субъектісі (объектісі) ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері бойынша

Жыл сайын, есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1-мамырынан

кешіктірмей уәкілетті органға бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, алдыңғы күнтізбелік жыл үшін материалдармен қоса есептерді ұсынуы:

- 1) орындалмау себептерін түсіндіре отырып тарифтік сметаның орындалуы туралы түсіндірме жазба;
- 2) субъектінің пайдасы мен шығындары туралы есебі;
- 3) негізі құралдар құнының өсуіне алып келмейтін жөндеуге жіберілетін шығындардың сметаларын іске асыру туралы мәліметтер;
- 4) субъектінің тарифтік смета бойынша нақты шығындарын растайтын материалдар (шарттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың, шот-фактуралардың көшірмелері, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизацияны көрсете отырып негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі);
- 5) аталған үнемдеуді нақты пайдалануды және (немесе) көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемдерін қысқартуды растайтын материалдарды қоса бере отырып шығындарды баптар бойынша үнемдеуді растайтын материалдар

:
субъектінің реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың неғұрлым тиімді әдістері мен технологияларын енгізуі туралы ақпараты бар мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның хаты;
конкурстық (тендерлік) комиссиялардың хаттамалары;
олар бойынша көлемдер мен төлеуге арналған соманы көрсетумен реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлемінің тізілімі ұсынылатын табиғи монополиялар салаларындағы

Елеусіз

коммуналдық қызметтерді қоспағанда, тұтынушылармен көрсетілген реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдерін салыстырып тексеру актілері, төлеуге берілген шоттар;

мемлекеттік органның және (немесе) жергілікті атқарушы органның ұсынылған реттеліп көрсетілетін қызметтердің нақты көлемі туралы ақпараты бар хаты.

б) реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және тұтастай реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызмет бойынша табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу қағидаларына сәйкес нысандар бойынша есептілік.

Жыл сайын, есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1-мамырынан кешіктірмей уәкілетті органға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы есепке қоса ұсынылады:

1) ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат;

2) субъектінің пайда мен шығындар туралы есебі;

3) инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшерлері туралы ақпарат;

4) инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін нысаналы көрсеткіштердің тізбесіне сәйкес инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат;

5) қол жеткізілген нақты көрсеткіштердің бекітілген инвестициялық бағдарламадағы көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру;

б) инвестициялық бағдарлама іс-шараларының нақты орындалғанын растайтын материалдар (шарттардың,

	<p>атқарылған жұмыстар актілерінің, шот-фактуралардың көшірмелері, жүкқұжаттардың, баланстық және қалдық құнын, қызмет мерзімін, жылдық амортизациясын көрсете отырып, негізгі құралдардың және материалдық емес активтердің объектілер бойынша тізбесі);</p> <p>7) бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуына қоғамдық мониторинг және (немесе) техникалық сараптама жүргізу қорытындылары бойынша қорытынды.</p>	
44	<p>Ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және келесі күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде өзінің интернет-ресурсында не уәкілетті органның интернет-ресурсында есеп беру өткізілген күннен бастап күнтізбелік бес күннен кешіктірмей орналастыруы</p>	Елеусіз
45	<p>Тұтынушылардың талабы бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтің тарифі, ұсыну шарттары туралы ақпаратты беру</p>	Елеусіз
46	<p>Табиғи монополия субъектісі ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 тамызынан және келесі күнтізбелік жылдың 1 мамырынан кешіктірмей тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп</p>	Елеусіз

	көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептер беру талаптарын сақтау	
47	Тариф, оның өзгеруі туралы уәкілетті органды ол қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей хабардар ету	Елеусіз
48	Алғаш рет құрылған; жаңа реттеліп көрсетілетін қызметті (жаңа реттеліп көрсетілетін қызметтерді) көрсететін табиғи монополия субъектісінің; егер қолданыстағы тариф объектілер және (немесе) учаскелер бойынша бөлек бекітілген болса, жаңа объектілерді және (немесе) учаскелерді сатып алған (салған) жағдайда; қуаты аз табиғи монополия субъектісінің оңайлатылған тәртіппен бекітілген тарифтің қолданыс мерзімі аяқталуы бойынша тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып тарифті бекітуге берген өтінімін ұсынуы	Өрескел
49	Табиғи монополия субъектісі реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын қызметті жүзеге асырған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде бұл жөнінде уәкілетті органға берілген (жіберілген) хабарламаның болуы	Елеусіз
50	Реттеліп көрсетілетін қызметті ұсынумен байланысты емес шығындарды тарифке қоспау	Елеулі
51	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және реттеліп көрсетілетін қызметтерге жатпайтын тұтастай қызмет бойынша кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізу тәртібіне сәйкес табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерінің әрбір түрі бойынша	Елеусіз

	кірістерді, шығындар мен тартылған активтерді бөлек есепке алуды жүргізудің әзірленген және бекітілген әдістемесінің болуы	
52	Бекітілген тарифтік сметаның орындалуы	Елеусіз
53	Бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындау	Елеусіз
54	Уәкілетті органмен табиғи монополиялар субъектісінің меншігіндегі шаруашылықаралық және шаруашылықішілік бұру каналдары бар магистральдық арналарды кеңейту, жаңғырту, реконструкциялау және техникалық жай-күйін жақсарту үшін беру жөніндегі сенімгерлік басқару шартын келісу	Елеулі
55	Табиғи монополиялар субъектісінің меншігіндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде технологиялық циклде пайдаланылатын мүлікті сенімгерлік басқару шартын уәкілетті органмен келісу	Елеулі
56	Халықаралық қаржы ұйымдарынан, мамандандырылған салалық банктерден, Қазақстанның Даму Банкінен және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінен қарыздар тарту үшін уәкілетті органмен келісілген кредиттік келісімдер	Елеулі
57	Уәкілетті органды тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында есеп жүргізуден бір ай бұрын хабардар ету: табиғи монополия субъектісінің тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдындағы: бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы; бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы; реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы туралы ; табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділік	Елеусіз

	көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептері	
58	Қуаты аз табиғи монополия субъектісі қайта ұйымдастырылғанға немесе таратылғанға дейін кемінде күнтізбелік он күн бұрын уәкілетті органға өзінің көрсетілген әрекеттерді жасау ниеті туралы жіберілген ақпараттың болуы	Елеусіз
59	Тұтынушылардың талабы бойынша бекітілген тарифтік смета мен инвестициялық бағдарламада қамтылған ақпаратты ұсыну	Елеусіз
60	Уәкілетті органға мәлімет үшін жыл сайын, 31-желтоқсанға дейінгі мерзімде шығындары бірінші басшының бұйрығымен бекітілген келесі күнтізбелік жылға арналған тарифтік реттеудің шығынды әдісін қолдана отырып тарифті бекіту кезінде ескерілетін табиғи монополия субъектісі сатып алатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін жіберу	Елеусіз
61	Сатып алу бойынша ақпаратқа бірыңғай қол жеткізу нүктесін қалыптастыру мақсатында электрондық сатып алудың ақпараттық жүйелерінде жүзеге асырылатын сатып алу туралы ақпаратты, мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ақпараттық жүйесіне беруді қамтамасыз ету	Елеусіз
	Тарифтің шығындық бөлігінде мынадай: 1) нормативтен тыс техникалық және коммерциялық ысыраптарға, тауарлық-материалдық құндылықтардың және қоймалардағы қорлардың бүлінуі мен жетіспеушілігіне, басқа да өндірістік емес шығыстар мен ысыраптар; 2) реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну кезінде пайдаланылмайтын не субъектінің теңгерімінде болып табылмайтын	

негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары;

3) мүлік бойынша салық міндеттемелерін қамтитын, жалға, сенімгерлікпен басқаруға немесе мүліктік жалға, лизинг бойынша алынған негізгі құралдарды (жалпы шаруашылық мақсаттағы негізгі құралдардан басқа) пайдалану үшін жалдау төлемақы шығыстары;

4) жергілікті атқарушы органдардан мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару шарты негізінде реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсыну үшін пайдалануға алынған негізгі құралдарды күтіп-ұстау мен жөндеуді қоспағанда, субъектінің теңгерімінде жоқ негізгі құралдарды күтіп-ұстауға және жөндеуге. Күтіп-ұстау мен жөндеуге арналған шығындарды қосу кезеңдерін уәкілетті орган айқындайды;

5) ластаушы заттардың нормативтен тыс шығарындылары (төгінділері) үшін төлемдер;

6) сот шығасылары;

7) үмітсіз берешек;

8) шаруашылық шарттарының талаптарын бұзғаны үшін айыппұлдар, өсімпұлдар, тұрақсыздық айыбы мен санкциялардың басқа да түрлері;

9) кірісті жасырғаны (төмендеткені) үшін айыппұлдар мен өсімпұлдар;

10) ұрлықтан келген залалдар;

11) реттеліп көрсетілетін қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын негізгі құралдардың, материалдардың, ақауынан болған ысыраптар;

